

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Қысқа мерзімді сабақ жоспары. Табиғаттағы су

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.05.2022

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/121011/>

Сабақ жоспары

Мектебі Абай атныдағы РММИ Пәні: Химия		
Мұғалімнің аты-жөні:	Тореханова Багила Талгатовна	
Бөлім:	8.4 С.Су	
Сабақтың тақырыбы	Табиғаттағы су.	
	Сынып: 8 б	Күні: 14.05.2022 ж.
	Қатысқандар саны: 23	Қатыспағандар саны: —
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	8.4.2.6 -судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру 8.4.2.7 -судың табиғаттағы айналымын түсіндіру	
Сабақ мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> ü судың құрамы мен құрылысын айқындайды; ü судың қасиеттері мен оның өмір үшін маңызын байланыстырады; ü судың табиғаттағы айналымын сипаттайды 	
Жетістік критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> ü судың құрамы мен құрылысын айқындай алады, формуласын жаза алады; ü судың табиғаттағы таралуын біледі, судың өмір үшін маңызын байланыстыра алады; ü судың табиғаттағы айналымын сипаттайтын сызба-нұсқада көрсетеді. 	
Тілдік мақсаттар	<p>Оқушылар жаңа сөздерді түсінгенін көрсету үшін, оларды қатесіз пайдалану қажет</p> <p>Пәнге қатысты лексика мен терминология</p> <p>Оксид – оксид – oxide , Сутегі — Водород – Hydrogen, Су – Вода – Water Конденсация – Конденсация – Condensation, Булану – Испарение — Evaporation Тығыздық – Плотность — Density</p>	
АКТ қолданудағылары	Powerpoint	

Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы 0-4 мин	Ұйымдастыру. I. Оқушылармен сәлемдесіп, сабаққа дайындығы тексеріледі және позитивті атмосфера қалыптастырылады. Оқушыларды топтарға біріктіру. Әр оқушы қима қағаздарды таңдау арқылы ұқсас құралдармен 3 топқа бірігеді. 1 топ: Кітап 2 топ: Дәптер 3 топ: Қаламсап	Презентация
Миға шабуыл 4-7 мин	Оқушыларға бүгінгі сабақтың тақырыбын ашу үшін суреттер реті көрсетіледі. Оқушылар өз ойларымен бөліскеннен кейін сабақтың тақырыбы және мақсаты таныстырылады.	Презентация https://bilimland.kz/kk/subject/ximiya/8-synyp/tabihattahy-su Қосымша 1 ‘Химиялық диктант’
7-15 мин	Жеке жұмыс: Оқушылар судың құрамы жайлы білімдерін жаңа тақырыппен байланыстыру үшін бейнематериалды тамашалайды және жауап парағындағы ‘Химиялық диктант’ тапсырмасын орындайды, яғни бос орындарды кілт сөздермен толықтырады.	Қосымша 1 Кесте №1
Сабақтың ортасы 15-30 мин	Өзін-өзі бағалау: Оқушылар презентацияда көрсетілген дұрыс жауаптар арқылы өздерін бағалайды.	Презентация Қажетті реактивтер мен құрал -жабдықтар
30-35 мин	Жұптық жұмыс Оқушылар жұпта судың физикалық қасиеттерін сипаттайтын кестені толтырады және жұптар өзге жұптармен өз жауаптарын тексереді.	Кесте №2 Презентация
35-40 мин	Топтық жұмыс Оқушылар бұрын оқыған білімдерінің негізінде өздеріне берілген тақырып бойынша «судың мұндай қасиетке ие болуының себебін және оның тіршілік үшін маңызын түсіндіріу» үшін постер дайындайды. 1-топ суда жүзіп жүрген мұз бөлшектерінің әрекетін бақылау; 2-топ судың қайнау нүктесін анықтау; 3-топ су ағынының магнит өрісіне әсерін бақылау Топтар өз постерлерін қорғайды, мұғалім қосымша сұрақтар қою арқылы оқушылардың білімдерін пысықтайды. Сынып жұмысы: Оқушыларға судың агрегаттық күйлерінің физикалық үдерістерін еске түсіруді ұсыныңыз. Осы білімдеріне сүйене отырып, оқушылар мүмкіндігінше түсті анимациялық нұсқаларды қолданып табиғаттағы су айналымын түсіндіреді. Жұптық жұмыс: Оқушыларға су айналымы туралы блок -схемаларды толтыруды және оны сипаттауды ұсыныңыз. Оқушыларға өз жұмысын өзге оқушыларға таныстыруға мүмкіндік беріңіз. Жеке жұмыс: Кестеде берілген реакция теңдеулерін аяқтайды Үй тапсырмасы ретінде оқушыларға «табиғаттағы су айналымының тіршілік үшін маңызы» тақырыбында эссе жазуды тапсырыңыз.	

Сабақтың соңы 40-45 мин	Рефлексия «Еркін микрофон» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын тыңдайды. Мұғалім оқушыларды «Жапондық бағалау» әдісі арқылы бағалайды. Яғни <i>«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар».</i> Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады. Үй жұмысы Оқулық §54.оқу	
----------------------------	---	--

Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеруде деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
Оқушылар:		
<p>Жалпы баға</p> <p>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойлаңыз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойлаңыз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақтарысындасынып туралы немесе жеке оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы не білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>		

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.